4. The presence of a set of methodological principles that reflect the specific methodology of this science;

So, due to changes in the transition to a digital and information system of the economy, every social institution undergoes a change, but given that, all areas, such as government, healthcare and culture, are based on the educational component. First of all, it is necessary to pay sufficient and thorough attention to strengthening the position of foreign language education in the domestic system.

LITERATURE

1. «The concept of development of foreign language education of the Republic of Kazakhstan.» Almaty: Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan, 2006
2. [Electronic resource]. – Mode of access: <https://articlekz.com/article/17954>
3. I.V. Rakhmanov Some theoretical issues of teaching foreign languages in high school. In the book: General Methods of Teaching Foreign Languages: A Reader. / Comp. A.A. Leontiev M .: Russian language, 1991.133 p.
4. Analytical reports on the implementation of the principles of the Bologna process in the Republic of Kazakhstan, 2018. – Astana: center of Bologna process and academic mobility of MES RK, 2018. 64 p.
5. S.S. Kunanbaeva «Theory and practice of modern foreign language education», Almaty, 2010. 201 p.

УДК 343.378

Н.К. УСИНА,

Қаржы академиясы АҚ-ның 2-курс студенті және
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және журналистика кафедрасының
аға оқытушысы, Нұр-сұлтан қ., Қазақстан,
e-mail: ussina21@mail.ru,

Ж.Д. СЕИЛХАНОВ

Қаржы академиясы АҚ-ның 2-курс студенті және
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және журналистика кафедрасының
аға оқытушысы, Нұр-сұлтан қ., Қазақстан

КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. ҚР Кеден саласындағы экономикалық контрабанданың негізгі мәселелері мен оны шешу жолындағы құқықтық аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: Кеден органдары, экономикалық контрабанда, бюджет, ұлттық қауіпсіздік.

Аннотация. Основные проблемы экономической контрабанды на таможенной территории РК и правовые аспекты ее решения.

Ключевые слова: Таможенные органы, экономическая контрабанда, бюджет, национальный безопасность

Abstract. The main problems of economic smuggling in the customs territory of the Republic of Kazakhstan and the legal aspects of its solution.

Key words: Customs, economic smuggling, budget, national security

Экономикалық қызмет саласындағы мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуде кеден органдарының қызметі аса маңызды орынға ие болып отыр, ол кедендік реттеу саладағы негізгі құқық қорғаушы институттардың бірі. Сыртқы сауда айналымы, яғни, сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатыса отырып және фискальді қызмет атқара отырып, кеден қызметі мемлекеттік бюджетті толтыруға, ол арқылы экономикалық мәселелерді шешуге ықпал етеді. Ал, кеден ісі аясында орын алатын қылмыстар сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың бір тобын құрай отырып, кеден органдарының қалыпты қызмет етуіне қарсы бағытталады.

Кедендік құқықбұзушылықтар деп – жеке тұлғаға, меншікке, мемлекетке, жалпы қоғамға зиян келтіретін және жауапкершілікті көтере алатын қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, кінәлі субъектінің кеден саласындағы іс-әрекеті.

Кеден саласындағы құқықбұзушылықтар өзінің нәтижесі ретінде әкімшілік, қылмыстық, азаматтық жауапкершілікті туындатады. Кеден саласын-

дағы қылмыстарды кедендік қылмыстар деп атайды, ал кедендік ережелердің тәртібін бұзатын іс-әрекеттер әкімшілік құқықбұзушылық деп саналады. Кедендік қылмыстардың арасында көрінеу тапқан түрлердің ішіндегі ең қауіптісі мен ірісі экономикалық контрабанда деп есептеледі.

Экономикалық контрабанда деп – «Кедендік бақылаудан тыс немесе одан жасырын не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып жасалған не декларацияламаумен немесе көрінеу анық емес декларациялаумен не тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарлар шығару туралы өтініште не уақытша әкелу (рұқсат беру) кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар болып табылатын, уақытша әкетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарына қатысты операциялар жасау туралы өтініште көрінеу анық емес мәліметтер көрсету мен, оның ішінде жарамсыз, қолдан жасалған және (немесе) көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынумен ұштасқан, ірі мөлшерде тауар-

ларды немесе өзге де заттарды, оның ішінде Қылмыстық кодекстің 286-бабында көрсетілгендерді қоспағанда, кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған немесе шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы қағидалары белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу – ...» [1, 234б].

Контрабанда, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық мүддесіне зиян келтіреді, себебі, әкелінетін және шығарылатын тауарларға белгіленген алымдар мемлекеттік бюджетке түспейді және елдің экономикасы үшін өте қажетті болғандықтан сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар (стратегиялық мақсаттағы шикізат) әкетіледі, осы зардаптардың алдын алу үшін міндетті кедендік құжаттардың (декларациялардың) физикалық жағынан сәйкес келуін анықтаумен, кедендік төлемдер мен алымдардың дер кезінде жүзеге асырылуы қадағалаудың берік жолын тауып, ұстануымыз қажет. Оның көрінуі ретінде «Тәуекелділіктерді басқару жүйесін» одан әрі жетілдіру қажет.

Контрабанданың затына және субъектісіне байланысты оның факультативтік объектілеріне қоғамдық қауіпсіздік, мемлекеттік органдардың қызметі, Қазақстан Республикасының саяси мүддесі, Қазақстан халқының денсаулығы, тарихи-мәдени мұралары, қоғамның моральдық бастауы жатады. Бұл қылмыстың объектілері ретінде – тауарлар мен өзге заттарды реттейтін қоғамдық қатынастар.

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы » 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ Кодексінің 3-бабының 45 бөлігіне сәйкес, тауар дегеніміз – « кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері, электр энергиясы, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке теңестірілген өзге де өткізілетін заттар;»[2,3б].

Сонымен қатар, кедендік шекара арқылы алып өткізу үшін арнайы ереже белгіленген, кедендік шекара арқылы алып өтуге тыйым салынған не-

месе шектеу қойылған заттар мен құндылықтар да бұл қылмыстың заты бола алады.

Кедендік шекара арқылы алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесі Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодексінің 286-бабында жазылған. Оған: «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды, күшті әсер ететін, улы, уландырғыш, радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, өскери техниканы, жарғыш құрылғыларды, атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жаппай қырып-жою қаруының ядролық, химиялық, биологиялық немесе басқа да түрлерін, жаппай қырып-жою қаруын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдарды, жабдықтарды немесе құрауыштарды кедендік бақылаудан тыс немесе одан жасырын не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып не декларацияламаумен немесе анық емес декларациялаумен не тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарлар шығару туралы өтініште көрінеу анық емес мәліметтер көрсетумен, оның ішінде жарамсыз, қолдан жасалған және (немесе) көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынумен ұштасқан, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз өткізу – ...» атты заттар кірген. Осындай заңсыз тауарлардың (есірткі) мемлекет аумағына таралуы халықтың денсаулығына зиян келтіре отырып, мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесінің жұмысына қиындық туындайды. Жалпылап айтқанда мемлекеттік және қоғамдық құрылысты күйретуге бағытталған, соғысты, террорды, зорлықты насихаттайтын баспа және бейнелеу материалдары, сондай-ақ порнографиялық мазмұндағы материалдар, өнер туындылары, көне заттар және басқа едәуір көркемдік, тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылығы бар заттар кірген. Осы мәселені шешу жолында біздің ұсынарымыз – экспорта пен импортқа байланысты заңдарды мен тексерістерді қатайтумен қатар, кеден бекеттерінде текерістің интрузивтік емес жолдарына мамандарды дайындау немесе біліктілігін жоғарылату қажет. Интрузивтік емес

тексерістер дегеніміз – тауарларды дәстүрлі жолмен емес, яғни тікелей транспорт құралдарын ашып өткізгеннен, түрлі инновациялық технологиялармен, соның ішінде ренген сияқты технологияларды пайдалану.

Сонымен, тауарларды немесе басқа заттарды алып кіргенде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы іс жүзінде кесіп өтіледі, ал алып шыққанда – кедендік декларация беріледі. Осы декларацияның мазмұны мен кедендік тексерістер өткен жағдайда сәйкес келсе, құжаттың дұрыс әкелсе, демек құқықбұзушылықтардың айқындалуы, табылмаса кедендік есептеулерге мол қайшылық әкеледі. Сондықтанда, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына алып кіргенде, оның ішінде еркін кедендік аймақтар аумағы мен еркін қоймалардан кедендік аумақтың басқа бөлігіне алып кіргенде тауарлар мен басқа заттардың кедендік шекараны іс жүзінде кесіп өткен кезінен бастап, ал тауарларды кедендік аймақтан алып шыққанда, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігінен еркін кедендік зоналар аумағына және еркін қоймаларға алыпкіргенде-кедендік декларация берген кезден бастап контрабанда аяқталған қылмыс болып саналады.

Алып өткізу мына тәсілдер арқылы жасалуы мүмкін:

- кедендік бақылауды айналып өту;
- кедендік бақылаудан жасыру;
- кедендік ұқсастыру құжаттарын немесе құралдарын алдап пайдалану;
- декларация жасамау;
- кедендік шекара арқылы алып өтуге тыйым салынған немесе шектеу салынған заттар мен құндылықтарды жалған декларациялау.

Басқа жерлерден және Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысынан тыс уақытта тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын тек Қазақстан Республикасы кеден органдарының рұқсатымен ғана кесіп өте алады.

Контрабанда жасаудың екінші тәсілі – тауарларды немесе өзге құндылықтар мен заттарды жасыру, оларды құпия жерге тығу немесе табуды

қиындататын басқа әдістер қолдану немесе затқа басқа заттың түрін беру.

Заттарды кеден бақылауынан жасырып қалу үшін қолданылатын айланың түрі көп. Заттарды, мысалы, киімге, аяқ киімге, бас киімге, қобдиша түбіне, таяқ, шатыр саптарына, тағам ішіне тығады.

Контрабанданың үшінші тәсілде кеден органдарына, сондай-ақ шекара бақылауын жүзеге асыратын адамдарға жарамсыз, заңсыз жолмен алынған, жалған, сондай-ақ жалған мәліметтер кірген құжаттар ұсынады, жасанды

мөрлер, мөртабандар, пломбалар, кедендік ұқсастырудың басқа да сондай құралдарын пайдаланады немесе басқа объектілерге жататын шын ұқсастыру құралдарын ұсынады.

Бұл тәсіл контрабанданың ең көп таралған және қауіпті түрлерінің бірі, себебі – құжаттарды алдамшы жолмен қолдану арқылы шетелге әртүрлі құнды шикізат пен материалдарды, қуат көздерін (мұнай, бензин, мазут), т.б. көптеп алып кетуге мүмкіндік туады. Мұндай ірі масштабты операциялардан мемлекет оңдаған, жүздеген мың доллар зиян шегеді.

Контрабанданы осы тәсілмен жасағанда айыптының әрекетін құжаттарды бұрмалағандығы немесе қолдан жасағандығы үшін қосымша саралаудың қажеттілігі жоқ, себебі бұл әрекеттер контрабанда жасаудың осы тәсілінің міндетті нышандары болып табылады.

Контрабанда жасаудың төртінші және бесінші тәсілдерінде алып өтуге тыйым салынған немесе шек қойылған не айналымнан алынған немесе басқа құндылықтар мен заттарға қатысты, заңда белгіленген ережелерге сай кедендік декларация беру міндетін орындамайды немесе дұрыс орындамайды.

Контрабанда жасағанда затты кеден шекарасы арқылы алып өтеді.

Қазіргі кездегі экономикалық контрабанданың көрінісі ретінде: «Түркістан облыстық Мемлекеттік кірістер департаменті мамандарының айтуынша, кеден бекетіндегі заңбұзушылықтың көбі тауар тасымалы кезінде орын алады. Көп жағдайда тасымалдаушылар жалған декларациямен шекара асуды қалайды. Жүк көліктеріне есірткі типі өтетіндер де кездеседі екен. Биыл осындай 32 жағдай тіркелген. Ал өткен айда жүк вагонымен

үлкен көлемде кептірілген жемісті алып өтпек болғандар ұсталған» [3].

Сонымен, қылмыстық заңда экономикалық контрабанда деп Қазақстан республикасының кеден шекарасынан кеден бақылауын жанай немесе одан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік теңестіру құралдарын алдап пайдалану арқылы тауарларды және өзге заттарды қоспағанда, не декларацияланбаумен немесе күмән келтіретін декларациялаумен ұштасын келе жатқан кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немес өткізу шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген тауарларды, зат-

тар мен құндылықтарды ірі мөлшерде өткізуді айтамыз.

Осы айтып өтілген жағымсыз салдардыжою үшін біздің ұсынарымыз:

- мемлекттің қауіпсіздігіне қауіп төндірмес үшін заңдарды мен тексерістердің жаңа түрлерін енгізе отырып, арнайы мамандар құру.

- қаржылық саясатының, яғни бюджетке міндетті төлемдер мен алымдардың дер кезінде төленуі мен құқықбұзушылықтардың айқындалуы үшін «Тәуекелділіктерді басқару жүйесін» жетілдіру қажет.

- кеден саласындағы құқықбұзушылықтардың кеден органдарының қызметіне кедергі келтірмес үшін заңдардағы жазаларды қатайту қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ
2. ҚР Кедендік реттеу туралы 2017 жылғы 36 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ
3. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/285118-t-rkistan-oblysynda-ykedenbeketterinde-33-ylmysty-is-oz-al-an>

УДК 101. 8:316.3

А.Н. ИМАНҚҰЛ*«Қаржы академиясы» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: imankul2014@mail.ru*

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҒЫЛЫМИ ТАНЫМНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ ДІСТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа: Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында танымның даму үрдісіндегі ғылыми теорияның қалыптасуы мен дамуын логикалық-гносеологиялық талдау қарастырылады. Ғылыми теорияның қалыптасуының логикалық және тарихилық тұрғыда нақтылануы зерделенеді. Әсіресе, ғылыми теорияның қалыптасуы Жаңа заман дәуіріндегі кезеңі көрсетіледі.

Кілтті сөздер: ғылыми таным, ғылыми білім тарихы, ғылыми теория, логикалық гносеологиялық талдау.

Ғылым, ғылыми білім мәселелері пән ретінде Жаңа заманға дейін де қарастырылды, алайда, қазіргі заман ғылымының (жаратылыстану) тарихи, Ф.Энгельс көрсеткендей тек XVI ғ. басталады. «Табиғатты дәлдік зерттеу бастамалары өзінің кейінгі дамуын алғаш рет тек александрлық кезеңдегі гректерде, кейін орта ғасырларда, арабтарда алды. Нағыз жаратылыстану тек XV ғ. екінші жартысынан басталады және осы заманнан бастап ол үздіксіз табыстарға жетіп отырды»[1, 259б].

Жаңа заман жаратылыстануының (ғылымының) қалыптасуының маңызды кезеңі Ф.Бэкон, Гроссетест және т.б. теориялық еңбектері болды. Мәселен, Ф.Бэкон табиғатты зерттеудің тәжірибелік әдісін, эксперименттің маңызын терең негіздеді. Оның ғылымдарды топтастыруының да маңызы зор болды, табиғатты ғылыми танудың үлгісі ретінде математикаға көп көңіл бөлді. Алайда, дүниетанымның ортағасырлық типі, діни көзқарас Бэкон философиясына өз ізін қалдырды, осы мәдени-тарихи «координата жүйесінде» табиғи құбылыстарды зерделеудің өзіндік құндылығы болмады, ол Құдайдың ерігі мен парасатын тану құралы және оның өзіндік тану әдісі болып қалыптасты.

Дегенмен, тек Жаңа заманнан бастап қана табиғатты автономдық және өзінде жеткілікті субстанция ретінде зерделеу белең алды. Бұл дегеніміз рухани бастама – Құдайға қатысты алғанда табиғи дүниенің автономия алғанын білдірді,

яғни табиғат объектке айнала бастады, сөйтіп, Жаңа заман философтары мен теоретик-жаратылыстанушылары табиғи шындықты Құдайға да, адамға да тәуелсіз қарастыра бастады.

Егер ортағасырлық дәуірде табиғатты тану Құдай құдіретін танудың «екінші» әдісі болып табылса, ал Жаңа заманда табиғат өзіндік жеткілікті субстанция ретінде қарастырылып, оны зерттеу дүниені адамның белсенді өзгертуінің мақсаты етіп қойылды. Ғылым дүниені өзгертудің тікелейлік күшіне айналды (Ф.Бэкон, «Білім-күш»). Жаңа дүниетанымдық «дүние моделін» жасаған классикалық жаратылыстану теоретиктері, Н.Коперниктен бастап Г.Галилейге дейін, танымдық мәдениетте революцияға және ғылымның пайда болуына әкелді.

Ғылымның, ғылыми танымның басты міндетін – олар табиғатты сынау және зерттеу затын мұқият талдау мен жалпылау, фактілерді түсіндіруден көрді.

Ғылымның идеалы ретінде ол арифметика мен геометрияны ұқты. Себебі олардың тұжырымдары қарапайым және анық принциптерден шығады. Барлық ғылымдар, соның ішінде философия да осы ғылымдардың әдісіне жүгінсе өздерінің қағидаттарына әмбебаптық сипат берер еді. Декарттың пікірінше, осындай принциптер мен бастамаларға негізделмеген кез келген ғылым шынайы емес, ықтималдық болып табылады. Танымның

негіздері немесе бастамалар Декарт түсінігінде: біріншіден, «өте анық», екіншіден олардан «барлық өзгелерді шығаруға мүмкін болатындай» болу керек.

Декарт ғылымның басты міндетін салыстырмалы білімнен абсолюттік білімге өту, ал одан өзге ғылымдардың тұжырымдары бірізділікті шығатынынан көрді. Ол сонымен бірге ғылым мен философияда осындай абсолюттік, айқын және анық ұғымдар өте аз болады деді. Тіпті математиканың өзінің көптеген қағидаттары қатаң сынды көтере алмайды.

Егер Декарт ғылымның, ғылыми-теориялық білімнің бар болуының шарты математика қойнауында пайда болатын интуиция, дедуктивтік метод деп санаса, ал Ф.Бэкон (оны К.Маркс қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибелік жаратылыстанудың шынайы ізашары деп атаған) ғылымның (жаратылыстанудың) негізі ретінде индуктивтік методты, эксперимент, тәжірибелік таным мен абстракцияны қарастырды. Бэконның пікірінше, табиғатты ғылыми тану тек тәжірибе, зерттеудің эксперименталдық методы негізінде болуы мүмкін. Сондықтан ол зерттеудің схоластикалық методын қатаң сынға алды.

Жаңа философияның мақсаты «парасатты материалдық заттарға адекватты өту», ал осы мақсатты орындау үшін, «ең бірінші құтылатын нәрсе, ол парасаттың барлық жұмысын қайта бастау керек». Ағылшын философы парасатты табиғатқа бейімдеу үшін оны реформациялау керек екенін сезінді, яғни парасатты материалдық заттарға адекватты өту және сол үшін парасат мазмұнын өрістетудің сыни-рефлексиялық методын ұсынды, оны әртүрлі пұт пен елестен «парасатты тазарту» керек деп түсінді [2, 298б].

«Парасат ақиқатқа қабілетті болу үшін» дейді Бэкон «үш әшкерелеуді» келтіру қажет: үстем болып тұрған философияны (яғни ортағасырлық) әшкерелеу; сол кезде қабылданған дәлелдеу әдісін (ортағасырлық схоластикалық силлогизмдер) және соңында туа біте пайда болған адам парасатты әшкерелеу.

Ф. Бэкон тәжірибелік жаратылыстанудың жаршысы болды; және ол үшін тәжірибені ұғыну дегеніміз сынау мен тексеру емес, табиғатты есіту

әдісі болды. Сөйтіп, «танымның ең жоғары беле-сі дегеніміз жаңа абсолют – табиғаттың көзқарасы жағына өтуге үйрену».

Ғылымның қалыптасу барысында ғылымның жүйелі энциклопедиясын жасаған Ф.Бэконның «Ғылымдардың ұлы қалпына келуі» деген еңбегінің маңызы зор болды. Өзінің ғылымдарды бөлуінде, ол адамның рухани қабілеттері – ес, фантазия және парасатты негізге алды. Оның еңбегінің неғұрлым маңызды бөлігі – ғылымдарды топтастыру, ол тұңғыш рет тарихта біртұтастықтың реттелген бейнесін берді. Осы бейнелеуде ол құбылыстарды қарастырудың схоластикалық әдісін сынға алды. Гегельдің тауып айтқанындай, парасат «схоластикалық-аристотельдік ұғымдардың өрнегін тоқып және оны шындыққа жорыды». Сондықтан Бэконның ғылымдарды топтастыруы философия мен ғылымның кейінгі дамуына елеулі ықпал етті [3, 69б].

Ғылым, ғылыми білімді теориялық зерделеуде жаңа қадам И.Кант философиясында жасалды. Егер Декарт пен Бэкон ғылым, ғылыми методты зерттеуде негізінен танымның жаңа методын негіздеу мен зерделеуге көңіл аударса, ал Кант ғылымның өз бітімін, табиғатын зерделеуге, ғылыми ойлау мүмкіндігін негіздеуге, ғылыми-теориялық танымның әмбебаптық шартының қалыптасуын ашуға әрекет жасады. Кант философиясында «жаңа ғылым – механикалық жаратылыстануға» бағыт алынды, және бұл бағыт «объектердің өзіндік өмір сүруін мойындай келе, оларды методологиялық қарастырмай тануға болмайтынын көрсетті, өйткені олар механизм (машина) бола тұра, оның ақылмен мақсатты және еркін түрде жасалғанына көңіл аударды. Сонымен бірге, теориялық білімнің болу мүмкіндігі шартын зерттеуші философ, осы «егер осылай болса» (als ob) – тек методологиялық тәсіл екенін; дүние оны тани ма немесе танымай ма, оған тәуелсіз, өз бетінше өмір сүретінін, әрқашан есте сақтауы керек» [4, 19б].

Кант өзінің философиясы мен логикасында ғылыми білімді (ғылымды) көркемдік-эстетикалық, діни және философиялық білімнен ажырата білді. Оның пікірінше, ғылыми білім ең алдымен шығармашылық, синтетикалық білім болып табылады және сонымен бірге ол әмбебаптық және қа-

жеттілік маңызға ие. Ол объект, табиғат туралы білім және тәжірибелердің жиынтығы.

Өзгеше айтсақ, ғылыми-теориялық танымның шындықтағы пәні сондай нәрсе (тәжірибе жиынтығы), оның мүмкіндігі мен шындығы басынан бастап меңзеудің априорлық формалары – кеңістік пен уақыт және пайымның априорлық формалары, яғни логикалық категориялармен шартталған болу керек.

Канттың пікірінше, математиктер осы мәселені бәрінен бұрын түсінген сияқты: математиканың міндеті – үшбұрыштың шынайы қасиеттерін ойда бейнелеп көрсету емес, ол меңзеуді алдын ала берілген шарттармен құру. «Бірақ сол адамға нұр жауды, – деп жазды Кант, – кім алғаш рет теңқабырғалы үшбұрыш туралы (ол кім болсын, Фалес пе немесе өзге ме, бәрібір) теореманы дәлелдеген; ол түсінді, оның міндеті фигурада немесе тек оның бір ұғымында оның қасиеттерін іздеу емес, керісінше, ұғымға сәйкес ойда, а priori фигураны (құрастыру арқылы) жасау болды. Ол түсінді, бір-нәрсе туралы априорлық дұрыс білімді сонда ғана біле алады, егер затқа оның өзі қажетті түрде ұғымына сәйкес мән берсе» [5, 84-85б.б].

Ғылыми философия тарихында ғылым туралы, ғылыми-теориялық білім туралы неғұрлым терең ілімді Гегель философиясынан табамыз. Канттың бастапқы кейбір идеяларын қабылдай келе, Гегель ғылым мен ғылыми-теориялық таным мәнін түбегейлі жаңаша қарастырды. Егер Кант философиядан өзгеше ғылымның өзіндік ерекшелігін анықтауға ұмтылса, ал Гегель философия мен ғылымды объективтік, өзіндік дамиды және өзіндік танылатын рухани қызмет санатында ұғынуға ұмтылды. Басқаша айтсақ, Гегель ғылымның белгілерін эмпириялық тікелей болымнан анықтаудан алшақтап, ғылым феноменін теориялық зерделеуге, яғни оны неғұрлым кең біртұтастық құрамында қарастыруға тырысты.

Ғылым мен философия бітімін зерттеудегі Гегельдің тарихи сіңірген еңбегі – ол идеалистік тұрғыда болса да әрекетшіл принципін енгізді [6, 285б].

Кантпен салыстырғанда, Гегель ғылым мен философияны қарама-қарсы қоймады. Оның пікірінше, жаратылыстану да, философия да ғылым,

ғылыми-теориялық таным формасында көрініс таба алады. Танымдық процесс дегеніміз абстракттық индивидтің объектке (табиғатқа) қатынасы емес, ол тарихи қозғалыс, үрдіс, рухтың өзін өзі өзіндік тануы, болмыс пен ойлаудың, ұғым мен нәрсенің барабарлығына жеткенше өзін жүйелі түрде объект ретінде көрсетіп, алынып және қайтадан қалыптасуы. Сондықтан бүкіл таным процесі сананың, өзіндік сананың, рухтың форма құрылымы, тұржасам реті тұрғысында көрініс табады. Осы абсолюттік қозғалыстың ішкі діңгегі қарама-қарсылықтардың барабарлығы болып табылады.

Ғылымның мәнін анықтау үшін оның пайда болуы мен дамуы және қазіргі таңда қандай күйде екенін қарастыру керек. Басқаша айтсақ ғылымның нақты-әмбебаптық ұғымын айқындау үшін оның қалыптасу әдісін бірізділікті қарастыру мен оның дамуының нақты логикасын ашу қажет.

Ғылым тек анықталған уақытта, анықталған қоғамы – тарихи дәуірде, дәстүрлі философия аясында жауабы табылмаған, өндірістің дамуына байланысты ерекше рухани міндеттер, ерекше талаптар пайда бола бастағанда пайда болады. Практиканың даму деңгейіне тек ғылымның дамуы, оның қалыптасуы ғана емес, сонымен бірге ғылымның бөлінуі, дифференция да сәйкес келеді және олар практиканың, еңбек бөлісінің, адами қызметінің іштей жіктелуі дамуының анықталған кезеңін бейнелейді.

Жаңа замандағы еңбек бөлісі антикалық және орта ғасырлық еңбек бөлісінен түбегейлі өзгеше болды. Қазіргі заманғы жараталыстану Жаңа заманғы жаңа еңбек бөлісінің және жаңа қоғамы қажеттіліктердің табиғи жалғасы, жемісі, содықтан нағыз ғылым тарихын осы кезеңнен бастау дұрыс болар.

Сонымен, ғылым – бұл ерекше рухани феномен, білімнің ерекше формасы және ерекше әлеуметтік институт. Ғылым – қоғамы еңбек бөлісінің қажетті шарты, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуінің ізінше, таным қызметінің, ең алдымен адамдардың ерекше – аз санды тобының әрекетіне айналуына байланысты пайда болады. Белгілі жәйт, ғылым Ежелгі шығыс елдерінде – Мысырда, Бабылда, Үндістан, Қытайда пайда болды. Онда табиғат пен қоғам туралы эмпириялық білім жинақталды, астрономия, этика, ло-

гика нышандары пайда болды. Шығыс өркениетінің осы игілігі ежелгі Грекияда қабылданып, үйлесімді теориялық жүйеге келтірілді, онда арнайы ғылыммен шұғылданатын, дәстүрлі мифологияға сыни қарайтын ойшылдар шықты. Осы кезеңнен бастап Жаңа заманға дейін ғылымның басты міндеті – түсіндіру болды, оның негізгі мақсаты – дүниенің, адамның өзі бір бөлшегі болып табылатын табиғат туралы білімді кеңейту болды. Өндірістің пайда болуымен ғылымның сол өндірістің белсенді факторына айналуы үшін жағдайлар жасалды.

Ғылым дамуы күрделі диалектикалық процесс, ол эволюциялық дамумен бірге революциялық, секіріс түрінде де дамиды. Ол кумулятивті, яғни біртіндеп білім жинайды, байиды. Ғылыми зерттеулердің жалпы бағыты – жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар саласында – қоғам өндіріске ынталандырушы әсер етеді.

Ғылымның қалыптасуы мен дамуы процесін қарастырғанда қазіргі заман батыс философиясындағы теориялық идея мен қағидаларды сыни талдау керек. Мәселен, постпозитивтік ғылым философиясында осы мәселе бойынша екі бағыт болды. Бірінші өкілдер (К.Поппер, И.Лакатос, Дж.Агасси, Е.Захара, Л.Лаудан және басқалар) ғылымның пайда болуы мен дамуының себебін негізінен ішкі, когнитивтік факторлардан көрді, ал екіншілері (Т.Кун, М.Малкей, С.Тулмин, П.Фейерабенд, М.Полани және басқалар) ғылым дамуында детерминистік мағынаға, әлеуметтік факторлар ие дейді. Екіншілердің ішінде (Д.Блур, Б.Барнс және басқалар) әлеуметтік фактор тек сыртқы ғана емес, сонымен бірге ғылым идеясы дамуының ішкі шарттарын да түсіндіре алады деп санады. Олардың пікірінше, индетерминизм принципі бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін Германиядағы ерекше әлеуметтік-мәдени жағдайларда пайда болды[7, 298б.].

Жоғарыда айтылғандай, ғылымның қалыптасуы мен дамуында, сөзсіз, когнитивтік, ішкі ғылыми процестер анықталған түрдегі мағынаға ие. Бірақ, тек когнитивтік факторлар арқылы ғылымның пайда болуы мен дамуы процесін түсіндіру мүмкін емес. Ешқандай да когнитивтік процесс неге дәл осы жаңа заманда ғылымның пайда болу фактісін түсіндіре алмады? Неге сондай көрнекті ойшылдар Платон, Аристотель, Әл-Хорезми, Әл-Фара-

би, Ибн-Сина ерекше рухани феномен ретіндегі ғылымды жасай алмады. Ал сондай ғылымды Коперник, Галилей, Кеплер жасады, өйткені олардың ғылыми ізденістері Жаңа заманның әлеуметтік-мәдени, қоғам-тарихи қажеттіліктеріне сәйкес келді[8, 287б.].

Жаңа заманнан бастап задылық қызмет (еңбек) көбінесе жалпыланған формаға ие бола бастады. Егер бұрынғы өндіріс әдісінде еңбектің әйтеуір бір түрі, мысалы, егін шаруашылығы үстем болса, ал буржуазиялық қоғам қызметтің барлық формаларын біртіндеп өндірістік еңбектің бір түріне айналдырды. Капитализмде еңбек бөлісінің дамыған жүйесі, яғни тауар айырбасының әмбебаптық болып қалыптасуы өндірістің мақсаты абстрактты байлықты өндіру болып көрініс табады. Капиталистік байлық дегеніміз әрдайым бір формадан өзгеге өтіп капитал болған құн, ол өзін тек үздіксіз өзіндік көбею ретінде сақтай алады. Ғылымның шын мәнінде пайда болып, қалыптасуы буржуазиялық өндірістің дамуымен байланысты болды.

XVI ғасырдың басында фактілерді жинаған теориялық анализ бен жалпылауды басшылыққа алған ғылымдар түрі пайда болды. Ғылым генезисі көптеген фактілерді жинап сол негізде заңдылықтарды ашу, оны рационалды зерделеу арқылы жүзеге асты.

Танымының белсенділігі мәселесі философия тарихында толып жатқан мәселелерді туындатты, оның көбісі қазірге дейін ашық қалуда, яғни жауабын күтуде. Осылардың бірі шығармашылық мәселесі. Осы феноменнің шешімін табу дүниеге көзқарастың болсын, сонымен бірге кез келген ғылымның танымдық тағлымы болсын оның түбегейлі мәселесіне елеулі түрде қатысы бар деп айтуға болады. Логика болмыстың өзіндік барабарлығын оның тарихилығында өрістетуге міндетті, ал тарихылық өзінде дамушы ретінде көрсетілуі керек. Дегенмен өзінің парадигмалық негізін жаңазамандық рационалдықтан алатын, бүгінгі ғылыми білімнің дағдарысы неміс классикалық идеализмінде өз орнын тапқан логикалық-философиялық ойлау жетістіктеріне өте жылы ілтипатпен қарауды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдильдин Ж.М. Логико-гносеологический анализ науки. Соч. в 5ти т., т.3. Алматы, 2001. – 259б.
2. Бэкон Ф. Соч., В 2т.М., 1977. Т.1. – 298б.
3. Ахутин А.В. Понятие «природа» в античности и в Новое время. М., 1988.- 69-б.
4. Длугач Т.Б. Проблема единства теории и практики в немецкой классической философии. М., 1986.- 19б.
5. Кант И. Критика чистого разума. Соч., Т.3. 84-85бб.
6. Абдильдин Ж.М. Логико-гносеологический анализ науки. Соч. в 5ти т., т.3. Алматы, 2001. – 285б.
7. Абдильдин Ж.М. Логико-гносеологический анализ науки. Соч. в 5ти т., т.3. Алматы, 2001. – 298б.
8. Абдильдин Ж.М. Логико-гносеологический анализ науки. Соч. в 5ти т., т.3. Алматы, 2001. – 287б

УДК 355.48

К.С. БОШАНОВ

АҚ «Қаржы академиясы», Нұр-Сұлтан, Қазақстан
e-mail: bh.ka@mail.ru

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ЕРЛІКТЕРІ

Андатпа: Бұл мақалада Қазақстанның геология ғылыми мектебінің негізін қалаушы, Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі Қаныш Имантайұлы жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: академик, геолог, жезқазған, аңыз адам, металлургия.

Аннотация: В данной статье излагаются взгляды основателя научной школы геологии Казахстана, основателя Казахстанской металлогенической науки, доктора геолого-минералогических наук, профессора, одного из организаторов и первого президента Казахстанской академии наук, академика Академии Наук СССР и Казахстана Каныша Имантаевича.

Ключевые слова: академик, геолог, джезказган, человек легенда, металлургия.

Abstract: This article sets out the views of the founder of the scientific school of Geology of Kazakhstan, the founder of the Kazakhstan metallogenic science, doctor of geological-mineralogical Sciences, Professor, one of the organizers and first President of the Kazakhstan Academy of Sciences, academician of the Academy of Sciences of Kazakhstan Kanysh Satpayev.

Key words: academic, geologist, dzhezkazgan, man of legend, metallurgy.

Кіріспе ХХ ғасырдың ғұлама ғалымы, Кеңес Одағындағы бұрынғы Шығыс республикаларынан шыққан тұңғыш академик, геология-минералогия ғылымдарының докторы Қ.И. Сәтбаевтың өмірі күрделі де шытырман оқиғаларға толы тулға. Қазақ халқының біртуар перзенті, есімі жалпақ дүниеге мәлім аса көрнекті ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, еліміздің жаңа замандағы ғылымының іргесін қалаған, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеті халқының аузында аңыз болып қалған жаны жайсаң азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жайлы ауыз толтырып айтар ақпарат көп. М. Әуезов «қай халық болса да өз ортасынан ғалым өсірген дәрежеге жеткенде, жалпы мәдениет тарихында өзінің елдігі мен өсуі туралы тың жаңалық мәлім еткен халық болады» деп еді [1,6]. Демек, ұлт мәдениеті мен ғалым бірге өседі. Сонымен қатар, сол Әуезов «қазақтың советтік буындарының ең алдыңғы қатарында, жұртшылық мақтаны боп, толып өскен ғалым азаматтың ең алдыңғы сапында қадырлы орын алатын кісінің бірі Қаныш Сәтбаев» дейді

[1,7]. Кеңестік дәуірдің қолдауын да, қудалауын да көрген Қ. Сәтбаевтай күрделі тарихи тұлғалардың шынайы болмысын тануда белгілі бір дәрежеде естеліктер пайдалы дерек көзіне айналады. К. Чуковский естеліктердің тамаша бір қасиетін көрсететін анықпама береді «естелікгер – ойдан шығарылмаған әңгімелер». Қ. Сәтбаев жайлы жазылған ондаған естеліктер бар. Естеліктердің арасында алғашқы шыққаны болып 1965 жылғы «Академик Қ.И. Сәтбаев. Кеңестік белгілі ғалымды еске алуға арналған жинақ» болды. Бұл жинақтың мазмұны ретінде КСРО министрлері мен академиктеріне бастап, жанындағы әріптестері, достары, шәкіртгеріне дейін өз естеліктерімен бөлісті. Қ. Сәтбаев өмірден озғаннан кейін көп ұзатпай жарық көргендігімен де ерекшеленді.

Негізі, Қ. Сәтбаевқа арналған естеліктерді бірнеше топқа жіктеуге болады. Ол естеліктер қызметтестердің естеліктері, яғни бірге жұмыс істеген әріптестері мен шәкіртгерінің естеліктері, отбасы мүшелерінің естелігі, ғалым-қайраткерлердің естеліктері және ауылдастарының естелік-

тері және т.б. Естеліктерді жинау, жариялау ісіне ғалымның жұбайы Таисия Алексеевна Кошкина (Сәтбаеваны) көп үлес қосқан. Тіпті, жұбайы Қаныш Сәтбаев қайтыс болған уақыттан бастап өз өмірін ғалымның есімін насихаттау, сақтау жұмысына арнады деуге болады. Оның қатарында Сәтбаевтың жеке архивін жасақтау мен жүйелеу, оның тандамалы шығармаларын, библиографиясын, естеліктер жинағын шығару жұмыстарын тікелей өз қолына алған. Т.А. Сәтбаеваның жарық көрген екі естелігі белгілі. Бірі -1949 жылы «Независимые годы» деген атаумен Вестник журналында жарық көрді. Екіншісі 1965 жылы «Жезказган – детище К.И. Сатпаева» деген атпен жарияланды. Енді осы естеліктерден Сәтбаевтың шыққан ортасы, тәрбиеленуі, ұлттық дәстүрге қанықтығы туралы деректерді молынан табуға болады.

Қ. Сәтбаев қазақы ортадан шыққан, дәстүрлі және сыйлы, текті, білімді отбасының мүшесі. Сонымен қатар, сегіз жасында ауылдан сауатын ашып, арабша еркін жазатын да сөйлейтін болған. Біраз хиссаларды жатқа айтқан. Зерек, суретке, табиғатқа, тастарға қызыққыш қиялы жүйріктігін де естеліктерден табамыз. Домбыра, гитара, мандолинада ойнаған, қосылып жал жақсы эн айтқан. Екінші жағынан, 1908-1911 жж. Баянауылдың Ақкелін болысындағы орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін сол жылы Павлодар қаласында екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқыған. Орыс мәдениетін танып білді. Қанышқа, Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүргенінде, сол жердің интеллигенциясы болған ағайынды Белослюдовтар көп әсер еткен. Потанин саяхаттары туралы алғаш рет солардан естиді. Өз бетімен Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Белинскийдің шығармаларын да оқитын болған. Қ. Сәтбаев ғалым ретінде кеңестік кезеңде қалыптасты. Өзін геология ғылымының сибірлік мектебінің өкілі ретінде – В.А. Обручев негізін қалаған және М.А. Усов сияқты ғалым тікелей ұстазы болған сибір мектебінің өкілі деп – атаған. Бұл жөнінде профессор В.С. Коптев-Дворников өз естелігінде жазады [2, 42].

Қ. Сәтбаевты геология ғылымының қыр-сырын ашу жолына ертіп келген және оған дәріс берген ғалым-ұстазы М.А. Усов болды деп көрсетеді көптеген зерттеушілер, ғалымдар, замандас әріптестері. М. Усовтың күнделігінен ол жайлы де оқып білуге болады. Томск университетінің профессо-

ры М.А. Усов 1921 жылдың мамыры мен қазан айларындағы Қазақстанға саяхаты туралы күнделігінде айтады. Күнделігінде Қаныш Сәтбаевпен қалай кездескені туралы және оның Томск институтына аттануы жайлы да мәліметгер береді. Усовтың күнделігі Қ.Сәтбаевтың сол кезеңде араласатын ортасы туралы біршама деректер береді. Солардың қатарында Белослюдовтармен таныс болғанын және бірге тұрғандарын көреміз.[3,35-36].

Қ. Сәтбаевтың Томск институтында оқып жүрген кезіндегі естеліктер кездеседі. Томск институтында Тау факультетінде алғашында геологиялық барлау бөлімі ашылып, кейіннен ол жеке факультетке айналған. Студентгер Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия мен Қазақстан жерін зерттеуге жұмылдырылды. 1 курстан бастап студенттер оқытушыларымен бірге барлау экспедицияларына шығып отырды. 2-ші курстан Қ. Сәтбаев та М.А. Усовтың Қазақстанда жүргізген экспедицияларына қатысты. Осы студент шағында Қ. Сәтбаевтың ғылыми-инженерлік дүние пайымы сибір геологтары мектебінің аясында қалыптасты деп нық айтуға болар. Олардың қатарында, М.А. Усов бастаған Сібір геолог-ғалымдарының әсері, студенттік ортасы, геологбарлаушыны тәрбиелеуде қолданылған сол кездегі кеңестік идеологияны көреміз. Бірегейлік мәселесін зерттейтін еңбектерде, олардың алуан түрлілігі айтылады. Отансүйгіштікке, туған жерін қадірлеу сияқты қасиетті маңыздарға ие азаматтық бірегейлік өз елінің тағдырына деген жауапкершілікке ұласатыны көрсетіледі. Қ. Сәтбаевтың туған кезінен бастап Томск кезеңін қоса қарастыра отырып дүниетанымының қалыптасуында өзін бір тұлға деп тануынан бастап, кәсіби маман ретіндегі азаматтық бірегейлігінің қалыптасуына әсер еткендігін айта аламыз.

Сәтбаевтың адамзат алдындағы сіңірген ғылыми еңбектерін, оның бүкіл планета адамдарының игілігіне бағытталған жемісті гуманистік қызметін тану және құрметтеу болып табылады. Қ.И.Сәтбаевтың орасан зор қызметінің арқасында кезінде еліміздің қорғаныс қабілеті әлдеқайда арта түсті. Атап айтқанда, 1928-1940 жылдардың кезеңінде Жезқазған-Ұлытау аймағында сан алуан пайдалы қазбалар мен қара және түсті металдардың, алтынның, вольфрамның, қорғасынның, марганецтің және де басқа рудалардың, болашағы зор кен орындарының тұтас бір сериясы белгілі болды [4]. Қ.И.Сәтбаевты өзгелерден

дараландырып тұратын қасиеттері оның тамаша ұйымдастырушылық таланты мен өз идеялары төңірегіне қыруар пікірлестері шәкірттерін жұмылдыра білген ғажайып қабілеті, геологиядан тарих пен әдебиетке дейінгі, поэзия мен театрға дейінгі ғылымның сан алуан салаларындағы және адамзат қызметінің аясындағы шын мәніндегі энциклопедиялық білімі болған. Мұның бәрі де оның көзінің тірісінде-ақ бүкіл халқымыздың танып, құрметтеуіне лайық етті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты нағыз ғалым ретінде шыңдаған 1946 жылы ұлттық академияның құрылуы болды. Ғылым академиясының құрылуы зор саяси маңызы бар тарихи оқиға және қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытудағы алып адам болып табылады. Республиканың ірі ғылым орталығын құру жөніндегі қызу жұмыс бес жылдың ішінде орындалды. Бұл үлкен ұйымдасқан жұмыста Қаныш Имантайұлының ірі ғалым ретінде көрнекті дарыны мен қабілеттері толық ашылды. Оның ғылыми беделі өсті және күшейді. Соған байланысты 1946 жылы қыркүйекте Қазақ КСР Ғылым академиясына академик және президент болып сайланды. КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі болды. Сонымен қатар КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Бұл да нұр үстіне нұр болған игі іс. Ғылым академиясын құру Қазақстанда мәдениеттің, ғылымның, өндіргіш күштердің әрі қарай дамуына жақсы әсер етті. Академия тез қарқынмен дамып, күшейді. Барлық маңызды ғылыми бағыттардағы зерттеулер тереңдетіліп, кең етек жайды [5].

«Білу үшін-көру керек, көрі үшін-жүру керек» дейтін нақылды Қаныш Имантайұлы жиі айтатын. Көбіне ғылыми шындыққа көзін жеткізу үшін, ойын жаңа дерекпен байыту үшін шет елдерге бару керек дейтін. Ал, өзі шетелге сапарларға аса құмар еместі. Ғылымға, шаруаға нақтылы пайдасы жоқ, көбіне қызықтау үшін ғана қажет, бос уақыт кететін артық жүріс деп есептейтін. Сондықтан да академик Сәтбаев шетелге сапарға бару жөніндегі ұсыныстардың көбінен бас тартатын, әрине, себептер айтып. Сол себептен де ғұлама ғалым атанып, ел көгіне шыққан соңғы ширек ғасырлық ғұмырында ол небәрі екіақ рет шетелде болған-ды: алғашқысы- Англияға сапары, соңғысы- 1957 жылы Қытай Халық республикасына саяхаты. Бұл жолы ол сол елді бір ай аралап, металлогениялық карта жасаудың әдістемесі жайында Пекинде Қытай геолог-

тарына дәріс оқып қайтқан-ды. Ал, үшінші сапарға ғалым өте құмар болып, Индияда, Делиде өтпек халықаралық геология конгресінде баяндама жасауға көптеген айлар тыңғылықты дайындалған еді, амал қанша, оның сәті келмеді, бірталай уақыт сарыла дайындаған баяндама тезистері ғалымның жазу үстелінде бітпей қалған ең соңғы ғылыми еңбегі атанды [7, 97 б.]. Бұл творчестволық қызметіндегі қиын жылдар болғанмен, ол өзін толық ғылымға арнайды. Ол Орталық Қазақстанның металлогениясы бойынша барлық геологиялық материалдарды жинауға қатысады, бағыттайды және ұйымдастырады. Бірінші бесжылдық жылдарында Қазақстанда пайдалы қазбалар мен геологиялық құрылысты интенсивті түрде зерттеулер геофизикалық, геохимиялық, минералдық сияқты жаңа зерттеу әдістерін қолданумен жүргізіледі. 50 жылдары республиканың геологиялық және геологиялық барлау ұйымдарының қорларында фактімен келтірілген көп материалдар жинады.

1953 жылдың басында ортақ ғылыми-әдістемелік орталық-ҚазКСР Ғылым академиясының геологиялық ғылым институтында ұжымдастықтың, мақсатқа ұмтылушылық, ұйымдастырушылық, Қазақстанның барлық геологиялық ұйымдарының белсенді қатысуына және ғылыми басшылықтың орталықтануына байланысты. Орталық Қазақстан бойынша кең көлемде фактілік геологиялық материалдарды жинап, толық өңдеу бойынша барлық жұмысты жасауға мүмкіндік туды. 1954 жылдың басында жұмысшы макеттерін құру және бұл ауданның металлогендік жүйелік картасын құру бойынша жұмыстары аяқталды. Болжамдық-металлогендік карталардың негізгі принциптерін Қаныш Имантайұлының өзі құрастырды. Бұл үлкен жұмыс шынымен бар фактілер мен нақты, терең зерттелген фактілерге негізделіп, Қазақстанның металлогениясының теорияға негізделуіне және кен орындарының орналасу заңдылықтары мен кеннің пайда болу этаптарын тауып шығаруға алып келді. Ол тек қана біздің елде емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі бірінші металлогендік болжамдық карта болып табылады. 1958 жылы Алматыда металлогендік және болжамдық карталар бойынша алғашқы Біріккен Бүкіл кеңестік ғылыми сессия ұйымдастырылды. Орталық Қазақстанның металлогендік болжамдық картасы бойынша, бұл сессия толық қолдау тапты [7, 72 б.]. Біз ғылымның қай саласын алсақ та, олардың бәрі-

не де талантты және жоғары білікті мамандар жұмыс істеді. Мұндай жағдайға Қ.И.Сәтбаев кемеңгерлігі мен көрегендігі арқасында қол жетті. Ол бүкіл Республика көлемінде ғылымға жоғары оқу орындарын бітірген неғұрлым дарынды және қабілетті жастарды тарту негізінде ғылыми кадрларды іріктеу мен әзірлеудің бағдарламасын тұңғыш рет жүзеге асырушы болды. Қазақстан ғылымының көптеген ірі тұлғалары ғылымға «Сәтбаев шақыруы» бойынша келген сол ортадан шықты. Қ.И.Сәтбаев мінез-құлқы мен өз өмірін арнаған істің дұрыстығына деген кәміл сенімі көптеген қиыншылықтарға қарсы күрес үстінде шынығып, беки түсті. Тіпті сонау 50-ші жылдарда, ол саяси айыптар тағылып, тоталитарлық тәртіп тарапынан қудалануға алынып және кемісітілген жылдарда былай деп жазды: «Феодалдық тәртіптерді орнатушы» деп маған тағылған айыптың сандырақ екендігін, менің ойымша, Қазақ КСР Ғылым академиясы жұмысының негізгі көрсеткіштеріне атүсті жасалған талдаулардың өзі-ақ айқын дәлелдеп береді. Ол көрсеткіштер менің академияда орнатқан бірден-бір тәртібім қажетсіз тақырыптарға қарсы күрес жүргізу, академияның қызметін практикалық талаптармен тығыз органикалық байланыста өрістету, ғылыми зерттеулердегі кешендік элементтерді барған сайын күшейте тү-

су, ол зерттеулерді ірі-ірі халық шаруашылық проблемаларын шешуге бағыттау болып табылатынын да айқын дәлелдеп береді». Ғылымға қойылатын талап туралы оның айтқан осы пікірі күні бүгінге дейін өзінің көкейкесті маңыздылығын жойған жоқ. Қоғамымыздың тоталитаризмнен нарықтық экономикасы, жоғары дамыған ғылымы мен техникасын, өзіндік бірегей мәдениеті, тән саулығы мен денсаулығы жақсы, әрі жоғары білімді халқы бар ашық демократиялық құрылысқа көшудің күрделі жағдайларында күш-жігерді, қаржыны, қолда бар интеллектуалдық мүмкіндіктерді тап солай шоғырландыру – өмірдің біздің алдымызға қойып отырған талаптарының өлшемі, міне осындай. Біздің даңқты отандасымыз, патриот және азамат Қ.И.Сәтбаев тап осындай талап өлшемдерін басшылыққа алып өмір сүрді және еңбек етті [6]. «Ғылымның хаты өшпейді, данышпанның аты өшпейді» деген халық сөзі, тегінде, ұлағат-өнегесі дара, артында мәңгі өлмес мұралар, асыл нұсқалар қалдырған даналарға арналған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та бүгінде қазақ елінің тарихында, рухани өмірінде өзгеше орын алатын шоқ жұлдыздарымен қатар Абай, Мұхтар, Шоқан, Ахмет Байтұрсынов сынды ұлы алыптардың санатында есімі қатар айтылуы заңды құбылыс [8].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М Қазақ хащының зор гальты // Заңғар. Қ. Сәтбаев туралы естеліктер/ Құраст. Жайлыбай. – Алматы, 1999. – 316 б.
2. Коптев-Дворников В.С. Слово о Сатпаеве // Академик К.И. Сатпаев. Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого/ под ред. Ш. Ч. Чокина – Алма-Ата, 1965. – 262 с.
3. Академик К. И. Сатпаев: Сборник документов и материалов / Сост. : Б. Т. Жанаев (отв.), Н. П. Кропивницкий, К. А. Сакенова, Ш. К. Саманова. – Астана: 1С-Сервис, 2009. – 560 с.
4. Қ.И.Сәтбаевтың баяндамасы //Социалистік жол, 1946, 11 маусым.
5. Мельников И.В. Горные инженеры. С.162.
6. Бекжанов Г.Р. К.И.Сатпаев. Выдающийся. Еңбек жинағы журналында. М., 1988.
7. Сәрсекке М. Құғындалған Сәтбаев. Алматы, 1994.
8. Сәрсекке М. Баянауылдан Парижге дейін. // Ақиқат, 1999, №7.

